

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 245 "
Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты
бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік
құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу
туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 172 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 шілдеде № 4166 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 25 мамырдағы № 146 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 25.05.2018 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 8 қыркүйектегі № 484 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 285 "Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14326 тіркелген бұйрығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 245 " Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3330 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 қыркүйекте "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлікке құқығын сыйға беру шарты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлікке құқығын сыйға беру шарты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлікке құқығын сыйға беру шарты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті";

"2. "Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау" бөлімі:

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздеме мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі болып табылады.";

регламенттің қосымшасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Д.А.Сатыбалдыға жүктелсін.

Облыс әкімі

Ж.Түймебаев

Д.А.Сатыбалды
 Ә.Е.Тұрғымбеков
 Ж.К.Бөкенбаев
 Б.С.Жамалов
 Е.Ә.Садыр
 Ұ.Сәдібеков
 А.С.Сәбитов
 К.Н.Мендебаев

Оңтүстік Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2017 жылғы
 29 маусымдағы № 172
 қаулысына қосымша
 "Мемлекеттік емес заңды
 тұлғалардың және жеке
 тұлғалардың мүлікке құқығын
 сыйға беру шарты бойынша
 Қазақстан Республикасы Үкіметі
 белгілеген тәртіппен Қазақстан
 Республикасының қабылдауы"
 мемлекеттік көрсетілетін қызмет
 регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

1	2	3	4	5	6	7
Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы	Мемлекеттік органдар		Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті қызметкері	Әкімдік, көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы
Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тексереді және қабылдайды (30 минут)	Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдарды сыйға тарту шарты бойынша мемлекетке мүлік құқықтарын беру жөніндегі	Мемлекеттік органдар сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқықтарына ие болуының қажеттігі (қажетінің жоқтығы) туралы қорытындылар дайындайды және	Мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдаудың экономикалық орындылығы; мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдағаннан кейінгі мақсаты мен пайдаланылуы;	Көрсетілетін қызметті беруші облыстың жергілікті атқарушы органның қаулы жобасын әзірлейді (отыз	Көрсетілетін қызметті беруші сыйға тарту шарты бойынша мүлікті мемлекеттік қабылдау туралы тиісті қаулы қабылдайды (сыйға	Мемлекеттің көрсетілетін қызметті көрсетуден тарту негіздемелер
					Көрсетілетін қызметті беруші алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарды және (немесе) олардағы деректердің мәліметтерді анық еме көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажет ұсынылған	

	бар ұсыныс туралы хабардар етеді (жеті күн)	көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (отыз күнтізбелік күн)	берілетін мүліктің қаржылық қамтамасыз етілуі;	күнтізбелік күн)	тарту шартын әзірлейді (жиырма күнтізбелік күн)	материалдар, объектілерді деректердің : мәліметтерді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі
--	---	--	--	------------------	---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ